

**«№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**«Бекітемін»**

**Мектеп директоры:**

**Ж.Еспенбетов**



**«ӨМІР ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ»**  
Ойлану сабагы

Әлеуметтік педагог:

Алимбекқызы Қ.

2022-2023 оку жылы

Сабактың тақырыбы: «Өмір құндылықтары»

Сабактың мақсаты:

Оқушылардың өмір құндылығы туралы түсініктерін одан әрі тереңдету.  
Өмірге деген бейімділік, табандылық қарым-қатынаста болуын  
қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру. Қайырымдылыққа,  
білімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- оқушыларға өмір құндылығы туралы тереңірек білім беру;
- өмірге құштарлықтарын дамыту;
- өмірдің мәнін түсінуге тәрбиелеу.

Сабактың барысы:

Бір-бірімізге деген мейіріммен, жылы сезімдерімізді ояту үшін, жақсылап бір ерекше амандастып алайықшы.

Амандастырудар

Ол үшін, сыныптың ішін еркін аралап жүреміз. « Бір-бірлеріне жақындандар» дегенде өздеріне жұп табасыздар. Содан кейін мен, сіздерге тапсырма беремін. Бастайық!

Енді, бір-бірлеріңе қол алмасындар, жақындастындар аяқ-аяғымызды, қол қолдарымызben, иық-иықтарыңызben, бет-беттеріңізben, мұрын-мұрындарыңызben амандастырамыз. (жақсы, өте тамаша!)

Ендеше, осы жақсы көніл-күйімізben орнымызға жайгасайық.

Олай болса, мен бүгінгі сабағымды бастамас бұрын Айбат Маратовтың орындаудында мына термені тыңдал алыныздар.

- Терме не жайлышты екен?
- Эрине, өмір жайында. Ендеше бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы «Өмір құндылықтары»-деп аталады.

Сұрақ:

- Ал, балалар «өмір» деген сөзді қалай түсінесіндер?
- Өмірдің мәні неде?
- Өмір адамға несімен қымбат?
- Ал, бақытты қалай түсінеміз?
- Бақыт адамға не үшін керек?
- Бақытқа жету үшін адамға не істей керек деп ойлайсындар?
- Қандай адамды «Басына бақ қонған» деп айта аламыз?
- «Өмір» мен «Бақыттың» айырмашылығы неде?
- Ендеше, сіздер қалай ойлайсыздар, жалпы бақытты дүкеннен сатып алуға бола ма?
- Елестетініздерші, бүгін біздің дүкенге бақытты әкеліпті. Ол бір қорапқа салынған.
- Ол қораптың сырт пішіні, яғни түсі қандай деп ойлайсындар?
- Бақыттың иісі қандай?
- Ол жылы ма, әлде салқын ба?
- Бақыттың дыбысы қандай?

-Бақытты адамды қалай танисындар?  
-Өздеріңіз қандай уақытта бақытты боласындар? Ол үшін не керек?  
- Олай болса, тақтаға қарап, ойланындар. Бақытты болу үшін  
ең алдымен не кажет?

Бақыт әркімнің өзіне, өмір сүрген ортасына, жағдайына байланысты.  
Бақыт дегеніміз-өмірді өз орнында, өз қалпында шамасы келгенше ұлгілі өмір  
сүру, адап болу, майдалықтан, іштарлықтан қашық болу. Өмірдің кедір-  
бұдыр жерлері толып жатыр. Олар әр адым сайын ұшырасады. Оларды  
именбеу, жасқанбау, азаматтық міндеттін адап атқару мен ар-намыстық қорғау-  
ол да бақыттың бір шыңы. Ештеңеге мойымай, өзіңе сенімді болсан,  
міне сол бақыт. Қындықты жеңсен-бақыт.

«Бақыт»-ол адамның ішкі дүниесіне байланысты. Кейбір адамдар, бақытты  
тәтті шоколад жеп те сезінеді. Ал, кейбіреулері спортпен шұғылданып  
сезінеді. Әр адам өзіне ұнайтын іспен шұғылданса, сонда бақытты болады.  
Олай болса, өте жақсы, балалар. Өмір мен бақыт жайында жақсы біледі  
екенсіндер.

-Балалар, біздің ақын агаларымыз, қазіргі жас ақындар осы «Өмір» мен  
«Бақыт» жайында көп жырлаған.

Қанекей, кім бізге өлең шумактарын оқып береді?

Оқушылар өз өлеңдерін оқиды.

«Бұл өмір сынак» атты бейнебаянды тамашалайық. Өз ойларынды айтуда  
болады.

Өмір жайлы 7 ақиқатты еске сақтап алыныздар:

1. Ешкімді сөгіп жазғырма, өмірде сейлей алмайтын адамдар да бар.
2. Тамактың дәміне шағым айтпа, ішерге ас таптай отырған кісілер бар.
3. Жан-жарына жөнсіз кейіме, кеше біреу жұбайынан айырылған болуы  
мүмкін.
4. Үйім тар деп көңілің түспесін, біреудің басында баспана да жоқ.
5. Ұл-қыздарыңнан шаршадым деме, бала сүйе алмайтын адамдар бар.
6. Жұмысым ауыр деп жабырқама, кейбір адамдарда ол да жоқ.
7. Өз өмірінді қарғап тұнілме, айықпас дертке шалдығып, төсекке таңылған  
жандар аз емес.

“Менің мақсатым”. Сендер әрбіреуің бір – бір үйдің жемісіндер,  
сондықтан өз мақсаттарынды берілген алмаға жазып, ағашқа ілулерің  
керек .

Жүректен- жүрекке. Бір-бірлеріне тілек айтады  
Бүгінгі сабағымды қорытындылай келгенде:

Бізден асқан бақытты жан жоқ екеніне көзіміз жетті.  
Сіздер қалай ойлайсыздар?

Біз бақыттымыз, себебі біз тәуелсіз мемлекетте өмір сүреміз.  
«Өміріне немқұрайлы қарама» әнін тыңдал, қосылып айтударыныңға да  
болады.

